

Тереңкөл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 13 маусымдағы "Тереңкөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлікті беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" № 5/45 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 7 тамыздағы № 2/59 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 тамызда № 6906 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Тереңкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тереңкөл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 13 маусымдағы "Тереңкөл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлікті беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" № 5/45 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6440 болып тіркелген, 2019 жылғы 5 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала мен заңдылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тереңкөл аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Г. Базарбаева

Тереңкөл аудандық мәслихатының хатшысы

С. Баяндинов